Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 93 бұйрығына
2-қосымша

Нысаны

**Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарты**

Білім беру ұйымдары **«Тайбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі »КММ**

(білім беру ұйымының толық атауы)

мен баланың ата-анасы (заңды өкілі) арасындағы өзара қарым-қатынасты

реттеу мақсатында білім беру ұйымының директоры атынан, ____________________

Ерашков Аскар Рустемович

бекітілген (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

білім беру ұйымының Жарғысы негізінде қызмет ететін

05.01.2021 ж-дан

бір жағынан және көрсетілген мекен жай бойынша тұратын:

Тайбай ауылы,

білім алушының Абылай Айгерім

(баланың тегі, аты, әкесінің аты туған күні, ЖСН) 120424602967

ата-анасы (немесе заңды өкілі) Сарсенбаева Нургуль

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

екінші жақтан, төмендегілер туралы ______________________________ осы шартты жасады.

**1. Шарттың мәні**

1. Осы шарт тараптардың құқықтарын мен міндеттерін белгілей отырып анықтайтын білім беру ұйымы мен ата-ана (заңды өкілі) арасындағы өзара қарым-қатынасты, сондай-ақ білім алушыны (тәрбиеленушіні) тәрбиелеу мен оқыту үшін өзара жауапкершілік тетігін реттейді.

**2. Орта білім беру ұйымының құқықтары және міндеттері**

2. Орта білім беру ұйымы:

1) білім алушыдан, ата-анадан (заңды өкілдерден) білім беру ұйымының Жарғысын, білім беру ұйымының ішкі қағидаларын және оның қызметін регламенттейтін білім беру ұйымының актілерін сақтауын талап етуге;

2) білім беру ұйымдарының кітапханаларының ақпараттық ресурстарға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділік мен қолдануды қамтамасыз етуге;

3) білім беру ұйымдарының басшылары бекіткен, актілерге көзделген тәртіппен және шарттарда оқу бағдарламаларының шеңберінде тапсырмаларды орындау үшін білім алушының компьютер техникасымен қолдануына мүмкіндік беруге;

4) білім алушының ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші негізінде мектептен мектепке ауыстыруға;

5) білім алушыларға қосымша білім беру (ақылы және / немесе тегін) қызметтерін ұсыну (үйірмелер, спорт клубтары) құқылы.

3. Орта білім беру ұйымы:

1) білім алушыны, ата-ананы (заңды өкілді) білім беру ұйымының Жарғысымен, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиямен, білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесімен және оның қызметін регламенттейтін актілермен таныстыруға;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім алушыны білім, білік, дағдыларды алуды қамтамасыз етуге;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім бе[...] объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Санитариялық

қағидаларына сәйкес

(Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) білім беру және тәрбие үдерісіне қойылатын санитариялық және гигиеналық талаптарды сақтауға;

4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 (Қазақстан Республикасы мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерінің тізілімінде № 13085 тіркелген) бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге (бұдан әрі - міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар);

5) оқу процесі және мектептен тыс, мектептік және сабақтан тыс іс-шаралар өткізу барысында мектеп аумағында білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болуға;

ата-аналарының (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісімімен білім алушыларға психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізуге;

білім алушының жеке қасиеттерін ескере отырып, өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамгершілігін, физикалық және психологиялық денсаулығын нығайтуға;

6) білім алушының ата-анасына немесе заңды өкілдеріне құрметпен қарауға;

7) Шартты бұзған жағдайда білім алушыға түскен кездегі құжаттарын қайтарып беруге;

8) білім алушының, ата-анасының (заңды өкілінің) келісімінсіз және оқу процесіне залал келтірмей, білім алушыны тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеуге;

9) оқудың толық курсын сәтті аяқтағаннан кейін және қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10348 нөмірімен тіркелген) бекітілген тиісті нысан бойынша білім туралы құжатты беруге міндетті.

**3. Білім беру ұйымының ата-анасы (немесе заңды өкілінің) құқықтары және міндет**4. Ата-ана (заңды өкілі):

1) баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша білім беру ұйымымен өзара қарым-қатынас жасауға;

2) Қазақстан Республикасықолданыстағы заңнамасында көзделген оқыту-тәрбиелеу үдерісін іске асыруға қатысуға;

3) ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, ата-аналар жиналыстарының шешімін орындауға;

4) ата-аналар комитеті арқылы білім ұйымының басқармасы органдарының жұмысына қатысуға;

5) өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайына қатысты ақпаратты алуға;

6) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу проблемалары бойынша консультативтік көмек алуға;

7) қосымша (ақылы және / немесе тегін) қызметтерді алуға (үйірмелер, спорт клубтары) құқылы.

5. Ата-ана (немесе заңды өкілі):

1) білім беру ұйымының Жарғысын және осы шарттың ережесін сақтауға;

2) ата-аналар жиналысына баруға, қажет болған жағдайда оқу-тәрбие үдерісі және нақты педагогикалық көмек көрсету бойынша жеке педагогикалық әңгімелесу үшін әкімшіліктің немесе педагогтердің шақыруы бойынша білім беру ұйымына баруға;

3) педагогтерге және қызметкерлерге өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларына құрмет көрсетуге;

4) Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

5) сабақтарда баланың болмау себебі туралы білім беру ұйымын хабардар етуге;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымына оқушының кінәсінен келтірілген материалдық залалды өтеуге;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес білім беру ұйымына оқушының кінәсінен келтірілген материалдық залалды өтеуге;

7) мектеп аумағынан тыс (мектепке дейін және мектептен кейін) білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік алуға, құқығы мен еркіндігін қорғауға;

8) педагогтермен білім алушыны тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша байланыста болуға, кері байланысты жүзеге асыруға;

9) баланы, оның қызығушылықтарын ескере келе:

әдептілікке, төзімділікке, академиялық адалдыққа және ұлтаралық келісімге;

кибермәдениетке және кибергигиенаға тәрбиелеуге;

10) баланың қажеттіліктерін ескере отырып мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға;

11) қашықтан оқыту арқылы оқытудың нұсқаулықтарын, бағдарламаларын іске асыру және орнату бойынша білім алушыға қолдау көрсетуге міндетті.

**4. Тараптардың жауапкершілігі**

6. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

**5. Дауларды шешу тәртібі**

7. Осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей тараптардың өздері шешеді.

8. Тараптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

**6. Форс-мажор**

9. Соғыс, өрт, басқа да табиғи апаттар, соғыс немесе әскери іс-қимылдар сияқты форс-мажорлы жағдайында, сондай-ақ Тараптардың бақылауына негізделмеген және шарт жасасқаннан кейін болған кез келген басқа жағдайларда Тараптардың жауапкершілігі орын алмайды.

10. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлар мен олардың зардаптарының әрекет ету мерзіміне сәйкестендіріле отырып ауыстырылады.

**7. Шарттың әрекет ету мерзімі, талаптарын өзгерту және оны бұзу тәртібі**

11. Осы шарт тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және оның толық орындалуына дейін жарамды. Жаңа шарт жасаған кезде жаңа келісім жасасу кезінде белгіленген шарттар қолданыста болады.

12. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.

13. Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату білім беру ұйымының басшысының тиісті бұйрығын жариялау мерзімі болып табылады.

14. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен екі данада, ал тапсырыс берушінің қатысуымен үш данада жасалады, бір данадан әр тарапқа беріледі.

15. Осы Шарттың тараптары "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабында және тараптардың - білім беру ұйымдары мен ата-аналардың (заңды өкілдері) келісімі бойынша бекітілген білім беру ұйымдарындағы оқушылардың құқықтары мен міндеттерін сақтау жөніндегі міндеттемелерін растайды.

**Осы шартқа қол қойған тараптар**

| | |
|---|---|
| Білім беру ұйымы Тайбай ауылының жобы" КММ | Ата-ана (заңды өкілі) Сарсенбаева Нурсулу |
| (білім беру ұйымының атауы) | (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) |
| Мекен-жайы: Сарыарқа 54 | Мекен-жайы: |
| Білім беру ұйымының басшысы Ерланов А.Р. | Паспорт мәліметтері: уд.лич. МВРК |
| (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) | жұмыс орны: – |
| Қолы | лауазымы: – |
| Мөр (мемлекеттік ұйымдар үшін), (жеке ұйымдарға - бар болған жағдайда) | Байланыс мәліметтері |
| | Қолы |